

*Сабақтың тақырыбы: Дара
және күрделі сан есімдер*

Сабақтың мақсаты :

- **Білімділік:** Оқушылардың сан есім туралы алған білімін кеңейту, сан есім туралы бұрын білетіндері мен жаңа білімді ұштастыру.
- **Дамытушылық:** Ойлау қабілетін дамыту, сөз мәдениетін жетілдіру.
- **Тәрбиелік:** Ұжымда өзін-өзі ізгілікке тәрбиелеуге дағдыландыру. Зеректікке, ұқыптылыққа, адалдыққа баулу. Көркем жазу арқылы әсемдікке тәрбиелеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

- 126-жаттығу тапсырма ізіне сай тексеріледі.
- Үй тапсырмасын Венн диаграммасы арқылы бекіту.



Сын есім

Сан есім

□ III. Жаңа сабақ

- Сан есімдер құрамына қарай дара сан есім және күрделі сан есім болып екіге бөлінеді.
- Бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есім дара есім деп аталады. Мысалы: бес, мың, жүз, ондаған, сегізінші, жетеу т.б.
- Екі я одан да көп түбірдің тіркесінен не қосарлануынан жасалған сан есім күрделі сан есім деп аталады. Мысалы: екі жүз, үш мың тоғыз жүз елу алты, жүз қаралы, оннан бір, үштен екі, бес ондық, бір-бірден, үш-төрт т.б.
- Сөздердің қосарлануы мен қайталануы арқылы жасалған күрделі сан есімдер дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: қырық-елу, жетпіс-сексендей, бес-бестен, он-он бес т.б.

□ 1 тапсырма. Мәтінмен жұмыс.

- Мәтіннің құрамынан дара сан есімдерді бір бөлек, күрделі сан есімдерді бір бөлек екі баған етіп жазыңдар.

Дара сан есімдер	Күрделі сан есімдер
Жүзінші т.б	Мың тоғыз жүз қырық екінші т.б

□ Алматыда жасақталған жүзінші дербес атқыштар бригадасы мың тоғыз жүз қырық екінші жылы жиырма бесінші қарашада Калинин облысында жаумен шайқасты. Жиырма екінші желтоқсанда жүзінші бригада Великие Лукидің түбіне келді. Үш жүз он алтыншы атқыштар дивизиясының жауынгерлері Дубосеково разъезінде жаумен қалай шайқасса, біздің бригада да Великие Лукиде солай соғысты. Бесінші қаңтарда үшінші батарея жаудың отыз танкісімен жалғыз шайқасты. Батареядан он адам өлді, жиырма кісі жаралы болды. Жиырма екі ат оққа ұшты. Жаудың он үш танкісі қирады, алты рота жаяу әскер жойылды.

2 тапсырма. Қима қағазбен жұмыс

- Төмендегі сандарды сөзбен жазып, оларды дара және күрделі түріне ажыратыңдар.
- Үлгі: дара сан есімдер: үш, ...
- Күрделі сан есімдер: қырық бір,
- 3, 41, 68, 7, 5-6, 50-60, 4, 27, 9, 1000, 50, 70, 1597, 789, 5, 27, 20.

3 тапсырма. «Сөз ойла, тез ойла!» ойыны.

□ **Шарты:** мақал – мәтелдердің жалғасын тауып, сан есімдерді құрамына қарай ажырат.

□ Батыр өледі,

□ Қорқақ өледі.

□ *(бір, мың)*

□ теңгең болғанша,

□ досың болсын.

□ *(жүз)*

□ байлық – денсаулық.

□ *(бірінші)*

□ Айдаганы ешкі, ысқырығы жер жарады.

□ *(бес)*

□ қораз ен қораға сыймас.

□ *(екі)*

4 тапсырма. «Кім жүйрік?» ойыны.

- Шарты: жұмбақтың жауабын тауып, ішіндегі сан есімдерді орыс және ағылшын тіліне аудар.
- Үлгі: Бес ін,
 - Бес іннің ауызы – бір ін. (қолғап)
- Бес – пять - five
- Бір – один – one

□ Төрт қарны бар,

□ Бір аузы бар.

□ (үй)

□ Төрт – четыре – four

□ Бір – один – one

□ Бір кесенің ішінде екі түрлі сүт тұрады.

□ (жұмыртқа)

□ Бір – один – one

□ Екі – два – two

- Үш аяғы үш жақта,
- Төрт құлағы қалқиған.
- Ретін таппай жұмсаса,
- Ыңғайына жантайған.

□ (темір ошақ)

□ Үш – три –three

□ Төрт – четыре – four

□ **Ү. Сабақты бекіту.** «Интервью» әдісі. Оқушыларға құрамында сан есімі бар сұрақтар қойылады.

□ 1. Балалар алда қандай мейрам келе жатыр?

□ -16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.

□ 2. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып Н.Ә. Назарбаев қай жылы сайланды?

□ -1991 жыл 1 желтоқсан.

□ 3. Тәуелсіздігімізді қай жылы алдық?

□ -1991 жыл 16 желтоқсан.

□ 4. Ата Заңымыз қай жылы қабылданды?

□ -1995 жылы 30 тамыз.

□ 5. Қазақ хандығының құрылғанына қанша жыл толды?

□ -550 жыл

□ 6. Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылғанына қанша жыл толды?

□ -20 жыл.

ҮІ. Сабақты қорытындылау.

Семантикалық картамен жұмыс.

Сөздер	Зат есім	Сын есім	Сан есім
Жақсы			
Парта			
Тоғыз			
Жаңа			
Үшінші			

Сөздер	Зат есім	Сын есім	Сан есім
Гүл			
Сұлу			
Ақыл			
Жиырма үш			
Көк			
Он жеті			

The background of the slide is a light purple gradient with several white butterfly silhouettes scattered across it. The butterflies are in various sizes and orientations, some appearing to fly towards the right and others towards the left.

□ *ҮІІ. Үй тапсырмасы.*

□ *129- жаттығу.*

□ *«Рекордтар шежіресімен» танысып, сан есімді құрамына қарай талдаңдар.*